

## **2023-2024 оку жылында 11«А» сынып окушыларымен жыл бойы атқарылған тәрбие жұмысының есебі**

11«А» сыныпбы оқу жылын 10 бастап, 10 окушымен аяқтады. Оның ішінде ұлдар-2, қыздар-8. Майрасбаева Ася жене Хайруллина Амина көп балалы отбасында тәрбиеленуде, ал Сұлтанова Мадина аз қамтылған отрысының қатарына жатады. Сыныптағы барлық окушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында тамыз, желтлоксан, наурыз айларында үйлерін аралап шықтым.

Жыл басында 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары жасакталып, жас үрлактың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс-шаралар үйымдастырылды. Бүкіл тәрбие жұмысы Елбасының «Мәңгілік Ел- 2050» жолдауында айтып өткендей және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде окушылардың сындарлы ойлау өзіндік ізденіс пен акпаратты терең талдау машығын игеру бағытында жүргізілді.

Әдеттегідей, тәрбие жұмысы кабинеттерде техника қауіпсіздігін сактау, табигат апаптарынан сактану, азаматтық қорғаныс жұмыстарын үйымдастыру шараларымен қабаттастыра өткізілді.

1-қыркүйекте сынныбымда «Мектебім мерейірім мекені» атты сыннып сагаты өтті.

Жыл басынан яғни қыркүйектен бастап 11«А» сынныбының сабактарына қатысып, сыннып окушыларының тәртібін, сабакқа деген ынталарын, үй тапсырмаларын қаншалықты орындастындықтарын бақыладым. Бақылау кезінде окушылардың оқу барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап, оларға ескертулер айтып отырдым. Әр аптаның үшінші күндері күнделіктерін тексеріп, ескертулер беріп отырдым. Әсіресе күнделікті уақытында толтырып, пәндерден алған бағаларын сол бойда қойдыруларына үлкен мән беріп отырдым. Себебі, окушылар мен ата-аналарда осы уақытқа дейін бұл дағды қалыптаспаған.

Жыл басынан әр аптаның жұма күндері жоспар бойынша сыннып сагаттарын өткіздім. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жасөспірімдер арасында АҚТК/ЖКҚТБ-н белгілірі, жұқтырудың алдын –алу», «Дұрыс тамактанудың бала деңсаулығына әсері» атты әнгіме өтті. Жыл бойына мектепте өткізілген қоғамдық іс-шараларға сыннып окушылары барынша белсene араласты, пәндер апталықтарына қабырга газеттерін шығарып, мерекелерде сахна көріністеріне белсенді қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Мектеп психологының сыннып окушылармен тренинг және әнгіме өткізілген кездесулер өтті. Ата-аналарды педагогикалық колдау орталығының бағдарламасы аясында «Сен жанбасаң лапылдан...», «Балага мамандық тандауга калай көмектесуге болады?» тақырыптарында ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектепшілік «Болашакқа хат» эссе байқауы және «Қош келдін, Жаңа жыл!» атты мерекелік кеш өткізілді.

Республика күніне орай «25-қазан Республика күні» және «Тәуелсіздік үрлактары» атты тәрбие сагаты өтті. Окушылар 1986 жылғы көтерілістің шығу себептерін білу арқылы, көтеріліске қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке кол жеткізгенімізді мактандышпен айта алды.

«Наурыз-берекем, Наурыз- мерекем!» атты тәрбие сагаты өтті. «Мен. Мектеп. Үстаз» тақырыбына эссе және «Қазақтың тұнғыш ғалымы» атты тақырыпта диктант жазды.

Сынып окушылары: Алдамжарова Гүлбану, Утегенова Аружан, Есенжанова Айгерим «Алтан белгі» үміткері және түрлі аудандық, облыстық және республикалық олимпиадаға белсene қатысып, жүлделі орындарға иеленді.

Жыл қорытындысында сыйнып окушылары үлгерімі 100 пайыз, сапалық кұрамы 50 пайызбен аяктағы . Окушылар осы уақытқа дейін мектептің қогамдық іс шараларына белсене қатысты. 14.06.2024 жылы «Жолың болсын, жас түлек» атты аттестат табсытау іс-шарасы өтті. Сыйныптың он окушысы болашакқа болдама алды.



*1 қыркүйек - Білім күні*




*«25-қазан Республика күні» атты тәрбие сагаты*



*«Сен жанбасаң лапылдан...», «Балага мамандық таңдауга қалай көмектесуге болады?» атты ата-аналар жиналышы*



*«Тәуелсіздікүрпақтары» атты тәрбиесагаты*



*«Болашаққа хат» эссе байқауы*

*«Кош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік кеш*



*«Қазақтыңтұңғышгалымы» атты диктант*



*«Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбына эссе*



*«Мектебім саган мың алғыс» атты түлектерге арналған  
салтанатты жиын*



*Оқышыларды марапаттау сәті*

ұрпақ - жарқын болашақ!



ұрпақ - жарқын болашақ!



*Окушыларды марапаттау сәті*

Білімді үрпақ - жарқын болашақ!



*«Жолың болсын, жас түлек» атты аттестат табсытау іс-шарасы*



«Жоың болсын, жас түлек» атты аттестат табсытуа іс-шарасы



Үш «Алтын беглі» иегері



Спортшы ұлдар

11 «А» сынып жетекшісі: \_\_\_\_\_ Н.Ш. Рахманова